

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
хаттамадан көшірме

2023-2024 оқу жылындағы кезекті №4 Академиялық кеңес шешімдері

21.02.2024 ж. №4

Шымкент қ.

Іс-шара түрі: Университеттің академиялық кеңесінің мәжілісі

Төраға орынбасары - Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың у.м.а. Д.Т.Бердалиев

Хатшы Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы

Г.Д.Есентуреева

Қатысқандар: қатысу парағы бойынша

Академиялық кеңес төрағасының орынбасары Д.Т.Бердалиев: Қайырлы күн, құрметті академиялық кеңес мүшелері, әріптестер! Бүгінгі академиялық кеңес мәжілісінің күн тәртібінде үш негізгі және әртүрлі мәселелер қаралады. Күн тәртібіндегі қаралатын негізгі сұрақтар мен әртүрлі мәселелерге, пікір айту мен талқылауларда регламент сақтауларыңызды сұранамын. Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітуді дауысқа саламын. №4 Академиялық кеңес мәжілісінің

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кәсіптік практиканың ұйымдастырылуы жайлы мәлімет.
2. Білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтылуы туралы.
3. 2023-2024 оқу жылының Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық жұмыстарының барысы.
4. Әр түрлі мәселелер.

1. Кәсіптік практиканың ұйымдастырылуы жайлы мәлімет.

Бірінші мәселе бойынша шешім:

1.Кәсіптік практика жетекшілері функцияларын қадағалауды қолға алу факультет декандары және кафедра меңгерушілері (академиялық кезеңмен қатар).

2.Педагог әдіскерлер мен психолог әдіскерлердің жауапкершілігін арттыруға мән беру «Педагогика» және «Психология» кафедраларының меңгерушілеріне жүктелсін (академиялық кезеңмен қатар).

3.Кафедра меңгерушілері практика барысын және бағалау қағидаларын ескере отырып, практика тапсырмаларын бағалануын бақылауды күшейту кафедра меңгерушілеріне жүктелсін академиялық күнтізбеге сәйкес).

4. Практика нәтижесінде F алған студенттермен жұмыс жасау факультет декандарына жүктелсін.

2. Білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтылуы туралы.

Екінші мәселе бойынша шешім:

1. Кітапхананың электронды және кітап қорын толықтыру үшін оқытушы-профессорлар құрамының баспадан шығарған оқу-әдістемелік құралдарының электронды нұсқасын (PDF форматта) және 5 данасын міндетті түрде кітапханаға тапсыруды қадағалау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

2. «Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау», «Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау», «Дизайн», «Музыка мұғалімін даярлау», «Бейнелеу өнері, графика және жобалау мұғалімін даярлау», «Көркем еңбек ж/е сызу мұғалімін даярлау», «Еңбек технологиясы және Ф 4.01-22

кәсіпкерлік» ББ бойынша ПОҚ оқу-әдістемелік құралдарын кітапханаға тапсыруды қадағалау және жұмыс жасау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

3. 2023-2024 оқу жылының Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық жұмыстарының барысы.

Үшінші мәселе бойынша шешім:

1. Ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына білім алушыларды қатыстыру, үлесін арттыру, университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен қаржы бөлу қарастырылсын (*Жауаптылар: Интернационалдандыру офисі, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Қаржы және экономика депртаменті. Мерзімі: тамыз, 2024*).

2. Университет ОПҚ сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына және халықаралық ғылыми тағлымдамаға қатыстыру жұмыстарын күшейту, университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен қаржы бөлу қарастырылсын (*Жауаптылар: Интернационалдандыру офисі, кафедра меңгерушілері, Қаржы және экономика депртаменті. Мерзімі: тамыз, 2024*).

3. Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелдік сарапшылар мен оқытушы-профессорларды шақыру жұмыстарын жандандыру тамыз айына дейін Интернационалдандыру офисі қызметкерлеріне, кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

4. Университеттің стратегиялық серіктестерімен байланыстарды нығайту және бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру жұмыстарын ілгерілету тамыз айына дейін Интернационалдандыру офисі қызметкерлеріне, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтына, кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

4 Әр түрлі мәселелер бойынша шешімдер:

4.1 Педагогтердің біліктілігін арттыру ережесі туралы

ШЕШІМ: «Педагогтердің біліктілігін арттыру ережесі» университеттің Ғылыми кеңесіне бекітілуге ұсынылсын.

4.2 2024 жылы өтетін XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиадаға қатысатын студенттерді ұсыну жайлы.

ШЕШІМ: 6B01505- Биология мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті базасында 2024 жылы өтетін XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиадаға қатысуға:

- 1-командаға: 1505-10А тобының студенті Айтбек Талшын мен 1505-20 тобының студенті Миралы Жанна жіберілсін. Жетекшісі болып Халикова Гулмира Сатыбалдиевна тағайындалсын;
- 2-командаға: 1505-11 тобының студенті Асан Арсен Ғалымжанұлы, 1505-11 тобының студенті Калысбек Дариға Дәуренбекқызы жіберілсін. Жетекшісі болып Успабаева Айгуль Аманкуловна тағайындалсын.

4.3 Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары жайлы.

ШЕШІМ:

-Университет оқытушы-профессорларының төменде ұсынылған оқу құралдары және оқу-әдістемелік құралдары Ғылыми кеңеске ұсынылсын:

1. Садық Б.Х., А.М.Жандарбаеваның «Сандық ресурстардағы физикалық зертхана» оқу-әдістемелік құралы;

2. Ә.Б.Кенже, А.Е.Битемированың «Organic chemistry» (for teaching English groups based on CLIL technology) атты оқу құралы;

3. З.Е.Кожобекова «Жоғары оқу орындарында және орта кәсіптік мектепте географияны оқыту әдістемесі» пәніне оқу құралы;

4. З.Е.Кожобекова, А.М.Карабаеваның «География ғылымдарының тарихы мен әдіснамасы» атты оқу құралы;

5. А.К.Дилдабекованың «English for military students» атты оқу құралы.

-Университет оқытушы-профессорларының төменде ұсынылған оқу құралдары және оқу-әдістемелік құралдары баспаға ұсынылсын:

1. Ғ.А.Темирбекова, Пулатова М.К., М.С.Сыздықованың «Сборник диктантов, 5-9 классы» атты оқу құралы;
2. Н.Б.Шегенбаев, Н.А.Егембердыев, З.М.Курбанбекова, Қ.Ж.Ижановтың «Волейбол ойынын үйрету әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралы;
3. А.А.Балабекованың «Музыканы оқыту әдістемесі» атты оқу құралы;
4. Г.К.Ахметова, Р.Ж.Исманованың «Инклюзивті білім берудегі педагогикалық технологиялар» атты оқу құралы;
5. Б.Қ.Исабек, Г.Ж.Орынбасарованың «Тарихи білім берудегі цифрлық ресурстар және компьютерлік технологияны қолдану әдістері» атты оқу құралы;
6. Б.Б.Шағраеваның «Органикалық химия» лабораториялық жұмыстарына арналған оқу құралы ;
7. Б.Б.Шағраеваның «Органикалық химияның есептері мен жаттығулары» атты оқу құралы;
8. Т.Ш. Махановтың «Металды қол құралдармен өңдеу» атты электрондық оқу құралы;
9. Б.Қ.Рахашев, Б.С.Уалиханованың «Электр және магнетизм» атты оқу құралы;
10. К.З. Керимбаева, П.А.Абдуразованың «Бейорганикалық химияның теориялық негіздері» атты оқу құралы
11. П.А.Абдуразова, Г.Е.Түймебаева Г.Е. К.З.Керимбаеваның «Жоғары молекулалық қосылыстар химиясы» атты электронды оқу құралы;
12. Шағраева Б.Б, Шертаева Н.Т., С.С.Битұрсынның «Organic chemistry» атты оқу құралы.

Шешімдер мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс

Хатшы

Г.Д.Есентуреева